



# ТҮРДІК- ҚАЗАЛЫ



№22  
(2401)  
Сәрсенбі  
18 наурыз  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

### ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АУДАНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАЙДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов Қазалы ауданына жұмыс сапарымен келіп, аудан әкімі Алмасбек Есмахановпен бірге аудандағы бірқатар құрылыс нысандарын аралады.

Бахыт Дүйсенұлы алдымен аудандағы ауқымды құрылыс нысандарының бірі - «Қарлаң» көпірінің құрылыс жұмыстарын көрді. Мердігер мекеме «НұрлыТау ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапты өкіліне құрылыс жұмыстарының сапасына аса мән беріп, белгіленген мерзімде аяқталуын ескертті. Бүгінде көпір құрылысының бетоніреулерін құю жұмыстары жүргізілуде.

Облыс әкімінің орынбасары көпір құрылысынан кейін Қожабақы аулында «Ауыл ел бесігі» жобасы аясында салынып жатқан спорт кешенінің құрылысын көрді. Спорт нысанының құрылысы мамыр айында толықтай аяқталып,



пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Айта кету керек, аталған жоба аясында аудан орталығы – Әйтеке би кентінде де спорт кешені салынуда.

Облыс әкімінің орынбасары жұмыс сапары кезінде аудан орталығындағы жөндеу жұмыстары жүргізілген Әйтеке би көшесі мен теміржол вок-

залы аумағын абаттандыру жұмыстарын көрді. Кенттің орталығындағы Әйтеке би көшесіне мердігер мекеме «СтроймодульАстана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2024 жылы қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіген болатын. Алайда жол құрылысының сапасыз са-

лынуы салдарынан қазіргі таңда орталық көшенің сапасы сын көтермейді. Осыған орай, Бақыт Дүйсенұлы мердігер мекеменің жауапты өкілін қатаң сынға алып, анықталған кемшіліктерді мердігер мекеменің өз қаражаты есебінен шұғыл түрде қалпына келтіруі тиіс екендігін ескертті. Аталған көшенің жөндеу жұмыстары аймақ басшысының тікелей бақылауында екенін айтып, жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтау керектігін тапсырды.

2025 жылы «СтроймодульАстана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі теміржол вокзалы аумағын абаттандыру жұмыстарын бастаған болатын. Бахыт Дүйсенұлы мердігерлерге вокзал алдындағы абаттандыру жұмыстарындағы бірқатар кемшіліктерді шұғыл қайта жөндеу жөнінде тапсырма берді.

### КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ


Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен көктемгі дала жұмыстарына дайындық мәселелеріне арналған мәжіліс өтті. Жиынға ауыл шаруашылығы саласына қатысты мекемелердің басшылары, су шаруашылығы ұйымдарының өкілдері, шаруашылық құрылымдарының жетекшілері қатысты.

Мәжілісте ауданның 2026 жылғы егіс науқанына дайындық барысы жан-жақты талқыланды.

Биыл ауданда 17257 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру, оның ішінде 5400 гектарға күріш егу жоспарланып отыр.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов баяндама жасап, көктемгі дала жұмыстарына дайындық, тұқым қоры, минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету, техникалардың әзірлігі және қаржыландыру мәселелері жөнінде ақпарат берді.

Бүгінгі таңда 2026 жылдың егісі үшін 1410 тонна күріш, 23,5 тонна жоңышқа, 5 тонна мақсары, 36



тонна жаздық бидай, 9 тонна арпа тұқымы дайындалған. Көктемгі дала жұмыстарына 278 дана ауыл шаруашылығы техникасын қатыстыру жоспарланып, қазіргі таңда олардың 249 данасы, 89,6 пайызы жөндеуден өткен.

Мәжілісте су мәселесі кеңінен қаралды. «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының Қазалы ауданындағы өндірістік учаскесінің басшысы Нұрлан

Әбділдаев Сырдария өзеніндегі су мөлшері мен алдағы вегетациялық кезеңге дайындық туралы баяндама жасады.

Аудан әкімі соңғы жылдары қалыптасқан су тапшылығына байланысты су ресурстарын тиімді пайдалану, егіс алқаптарын әртараптандыру, суды аз қажет ететін дақылдарды көбейту бағытында нақты жұмыстар жүргізу қажеттігін атап өтті. Жауапты сала

басшыларына көктемгі егіс науқанына қажетті минералды тыңайтқыштарды толық жеткізу, техникалардың толық дайын болуын қамтамасыз ету, жеңілдетілген жанаржағармайды уақытылы алу, шаруашылықтарға несие рәсімдеуге қолдау көрсетуде нақты тапсырмалар берді.

Кездесуде шаруашылық басшылары су шаруашылығына, егіс көлеміне, егінге малдың түсуінің алдын алу мәселелеріне қатысты ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Аудан басшысы шаруашылық басшыларының ұсыныстарына сәйкес ауылдық округ әкімдері және басқада жауапты мекемелермен бірлесе жұмыстар атқарылатындығын жеткізді.

Жиын қортындысында аудан әкімі көктемгі дала жұмыстарына сапалы әрі уақтылы дайындалу – мол өнім алудың басты кепілі екенін атап өтіп, барлық жауапты мекемелер мен шаруашылық құрылымдарына белгіленген жоспарға сәйкес бірлесе жұмыс жүргізу керектігін айтты.

**Қазалы ауданы әкімдігінің  
баспасөз қызметі**

## АМАЛ МЕРЕКЕСІН АЙРЫҚША АТАП ӨТТІ



Қазалылықтар қазақ халқының ежелден жатқан дәстүрлі мейрамы – Амал мерекесін, Көрісу күнін кең көлемде атап өтті. Береке мен бірлікті, татулық пен сыйластықты дәріптейтін бұл мереке аудан тұрғындарын тағы бір мәрте жақындастырып, ағайынның амандық-саулығын сұрасатын ерекше күнге айналды.

Әйтеке би кентіндегі орталық алаңда өткен «Амал келді - жыл келді» атты мерекелік шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов пен ел ағалары, зиялы қауым өкілдері қатысып, жиылған жұртшылықты мерекемен құттықтады.

-Амал мерекесі – халқымыздың сан ғасырдан бері жалғасып келе жатқан ерекше дәстүрлерінің бірі.

Бұл күн – ағайын-туыс, дос-жаран бір-бірімен қауышып, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге ізет білдіріп, бір-біріне ақжарма тілектер айта-тын, өкпе-ренішті ұмытып, жаңарудың бастауы болатын ерекше күн. Қазалылықтардың басты қасиеті – ауызбіршілік пен ынтымақ. Бүгінде ауданымыздың дамуы, елді мекендердің көркеюі, халықтың әл-ауқатының артуы – осы бірліктің айқын көрінісі. Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Сыр өңіріне деген ерекше қолдауының, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының басшылығымен өңірдің дамуына бағытталған игі бастамалар жүзеге асуда. Ауданымызда Наурызнама онкүндігі аясында ұлттық дәстүрлерімізді

насихаттайтын мәдени бағдарламалар, спорттық жарыстар, жастарға арналған патриоттық іс-шаралар, қайырымдылық акциялары, көптеген мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылуда. Алдағы күндері біз баршамыз асыға күтетін Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін кең көлемде атап өтетін боламыз. Халқымызды жақсылыққа, ізгілікке, бауырмалдыққа шақыратын ерекше мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, елімізге тыныштық пен тұрақтылық тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, - деді аудан әкімі Алмасбек Есмаханов.

Мерекелік шарада аудан тұрғындары бір-бірімен көрісіп, ақжарма тілектерін айтып, үлкендерге құрмет көрсетіп,

ізгі ниеттерін білдірді. Ұлттық дәстүрлер дәріптеліп, қазақы салт-ғұрыптар кеңінен насихатталды.

Айта кетейік, Амал мерекесі – Наурызнаманың онкүндігі аясындағы алғашқы күндердің бірі. Бұл күн – көктемнің келуін, жаңару мен жақсылықтың басталуын білдіретін, адамдардың бір-бірімен көрісіп, өкпе-ренішті ұмытып, жаңа кезеңге қадам басатын тағылымды дәстүр.

Осындай игі шаралар ауданымызда алдағы күндері де жалғасып, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне ұласпақ.

Орталық алаңда өткен шара әрі қарай аудан өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласып, жиылған жұртшылық мерекелік көңіл-күйге бөленді.

## «ӘУЕЗОВТЕР» АНСАМБЛІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ



Қазалы ауданында Наурызнаманың онкүндігі аясында Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай «Әуезовтер» халықтық отбасылық ансамблінің «Өнерімен өркендеген әулет» атты шығармашылық кеші өтті.

Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен кешке аудан әкімі

Алмасбек Есмаханов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

-Өнер – ұлттың рухани байлығы. Ал сол өнерді бір отбасының бірнеше буыны жалғастырып, халыққа қызмет етсе – бұл үлкен мақтаныш. Әуезовтер отбасылық ансамблі – дәл осындай өнегелі әулеттердің бірі. Ансамбльдің негізі 1977 жылы қаланып, содан бері

ұлттық өнерімізді дәріптеп келе жатқан бірегей шығармашылық ұжымға айналды. Ансамбльдің қалыптасуы мен дамуына үлкен еңбек сіңірген өнер иелері – Махамбет Әуезов пен Раманқұл Әуезов. Олар тек орындаушы ғана емес, қазақтың күйі мен әнін, қобыз бен домбыра өнерін насихаттап, шәкірт тәрбиелеген ұстаздар. Осы бір айтулы

күні өңіріміздің мәдениеті мен өнерін өркендетудегі қызметтеріңіз үшін шығармашылық ұжымға шынайы алғысымды білдіремін. Ел мәдениетінің одан әрі гүлденуіне, өнеріміздің асқақтауына қызмет етіп, халқымызды шығармашылық табыстарыңызбен қуанта берулеріңізге тілектеспін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Мұнан соң аудан басшысы «Әуезовтер» халықтық отбасылық ансамблінің жетекшісі Арман Әуезге құттықтауын табыстады.

Кеште ансамбльдің жетекшісі, ҚР мәдениет саласының үздігі Бүкілодақтық, халықаралық, республикалық конкурстарының лауреаты, музыкант, қобызшы Арман Әуез сөз сөйлеп, «Әуезовтер» ансамблінің қалыптасу жолы мен даму тарихына тоқталып,

ұлттық өнердің ұлы мұрагері болу үлкен жауапкершілік екенін жеткізді.

Шығармашылық кеш концерттік бағдарламаға ұласып, «Әуезовтер» халықтық отбасылық ансамблі М.Әубәкіровтің «Наркескен», Құрманғазының «Қызыл қайың», Әлшекейдің «Терісқақпай», С.Әліштің «Батыс әуендері», Е.Кішкенеетің «Нүргүл вальсі», Моцарттың «Рондо» және басқада шығармаларын орындап, көрермен қауымға көтеріңкі көңіл-күй мен рухани демалыс сыйлады.

Айта кетейік, шығармашылық кеш басталмас бұрын, кешке жиылғандар Әуезовтер әулетінің жетістіктері, көне аспаптары мен ұлттық құндылықтар көрсетілген «Наурыз - береке бастауы» атты көрмені тамашалады.

**Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**

## МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІНЕ ОРАЙ ТҰСАУ КЕСУ РӘСІМІ ӨТТІ

Бүгінде елімізде Президентіміздің бастамасымен әз-Наурыз мерекесі «Наурызнама» онкүндігі аясында мазмұнды әрі жүйелі түрде кең көлемде аталып өтіліп келеді. Наурызнамада көрсетілген онкүндікке сәйкес 16 наурыз - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні.

Осыған орай, Әйтеке би кентіндегі «Руханият» орталығындағы аудандық орталық кітапханада халқымыздың бай мәдени мұрасы мен ұлттық салт-дәстүрлерін дәріптеп, өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында тағылымды шара өтті.

Шараның мазмұнын айшықтай түскен тағылымды дәстүрдің бірі – тұсаукесер



рәсімі болды. Кішкентай бүлдіршіндердің тұсауын аудан әкімі Алмасбек Есмаханов кесіп, балақайларға жарқын болашақ тілеп, ақжарма тілегін жеткізді. Сондай-ақ, Ұлыстың ұлы күніндегі Наурызнама

онкүндігі аясындағы әрбір атаулы күннің маңызы жайында айтып өтті.

Ұлыстың ұлы күнімен ұштастырылған бұл шарада аудан басшысы мен қонақтар арнайы ұйымдастырылған

этноауыл көрмесін тамашалап, қазақтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін ұлттық дәстүрлермен танысты. Бағдарлама аясында әже мен бала диалогы, Қыдыр атаның батасы, әжелер ансамблінің ән шашуы ұсынылып, келі түйю, диірмен тарту, ұршық иіру, жүн түту, күбі пісу ұлттық тұрмыстық дәстүрлердің көріністері көрсетілді. Ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған «Шаңырақ» ойыны ұйымдастырылып, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүріміз кеңінен насихатталған мерекелік кеш соңында қонақтар Наурыз көжеден дәм татып, бір-біріне ақжарма тілектерін арнады.

**Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**

## ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ ӘБЖӘЛИ АЙБОСЫНОВ

•Тұлға

Мен, Әбекеңді сонау 1961 жылы Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы №17 орта мектепке директор болып келгеннен бастап білемін.

Әбекең 1963-1990 жылдары Қазалы аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып, абыроймен қызмет атқарды.

Әбекең, 1980 жылы Тереңөзек ауданына халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып ауыстырылғанға дейін, мен аудандық СЭС-тің (санитариялық-эпидемиологиялық станцияның) бас дәрігері ретінде 15 жыл бірге қоян қолтық қызмет атқардық. Ол кісі бастаған ұстаздар қауымы аудан оқушыларына білім беріп, тәрбиелесе, біздің ұжым қызметкерлері олардың денсаулығын сақтауға атсалыстық.

Әбекең, аса білімді, әрі зиялы азамат ретінде, СЭС-тің қойған талаптарын дер кезінде орындатқызып отырды. Стандартқа сәйкес мектеп үйлерін салдыру, оларды санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жабдықтау, мектеп-интернаттарындағы оқушылардың дұрыс тамақтануы, жұқпалы ауруларға қарсы жұмыстар жүргізу, тағы басқа көптеген шаралар Әбекеңнің іскерлігінің арқасында тиянақты атқарылып, аудан оқушылары арасындағы жұқпалы аурулар азайып, мектептердің, балабақшалардың, пионер лагерінің санитарлық-гигиеналық жағдайлары айтарлықтай жақсарды.

Әбекең тазалық пен денсаулыққа өте ұқыпты қараған кісі. Қазіргі салауатты өмір салтын ұстану деген ұғымды Әбекең сол кездері-ақ іске асырып, халыққа насихаттап, өзі үлгі болған. Тек қана пайдалы таза тамақтарды ішіп-жеп, тамақ жасайтын суды көрші ауылдағы скважинадан алдырған.

Әбекең басқарған кезеңде ауданның оқу-ағарту ісі жоғары дәрежеге көтеріліп, ол кісінің бастамасымен атқарылған игі шаралар республика көлеміне насихатталып таратылды.

Әбекеңнің айтулы тұлға болып қалыптасуына, ол кісіге

деген елдің сенімі, басқару ерекшелігі мен халыққа тигізген пайдасы, өз басының ұлылығы себеп болды.

Әбжәлидің атасы Айбосын би болған, әкесі Бекбан әділеттілігімен, турашылдығымен танылған қайсар жан еді. Заманның зобалаңында нақақ жаламен «халық жауы» атанып, қуғын-сүргіннің тауқыметін тартты. Бірақ ар-ожданы алдында арым таза болсын деген ұстанымынан айнымады.

Әбекең 1961 жылы Мәскеуге барып, әке, ағасын ақтап алып, перзенттік борышын толық орындаған.



Анасы Зейнеп болыс Бекетай бидің қызы. Текті жердің тәрбиесін көрген, сабыр мен парасатты бойына сіңірген. Жары Кариманың әкесі Жиеней Алматы имандылықты ту еткен, сопылық жолды ұстанған кісі. Шешесінің анасы Ахан әже қожалар әулетінен тараған, діндар, тақуа, мейірімді ана.

Осылайша Әбжәлидің бойында үш жұрттың – би мен батырдың, болыс пен зиялының, сопы мен діндар әулеттің қасиеттері тоғысты.

Соғыс сынағы Әбекең үшін ерлік мектебі болды. Он сегізге жаңа толған бозбала Әбжәли ел басына күн туғанда қолына қару алды.

Қазалыдан бірге аттанған отыздан астам жасшығыстағы Жапон милитаризміне қарсы шепке жіберілді. Суық оқоптар, ылғалды ауа, Байқалдың қатаң табиғаты жас жігіттің шыдамын шындады. Сол ауыр кезеңде денсаулығына зақым келсе де, үш жыл әскери борышын адал атқарып, елге абыроймен оралды.

Әбекең білімге адалдықты өмірлік мұрат деп білді. Соғыстан соң білімін жалғастырып, онжылдық мектепті тәмамдады. Нотариус болып еңбек етті. Алматыда заңгерлік білім алды. Кейін тарих мамандығын игеріп, Қызылордадағы педагогикалық институтта оқуын тереңдетті.

Жиырма екі жыл бойы Қазалы мен Тереңөзек ауданындағы білім саласын басқарды. Республика көлемінде алғашқылардың бірі болып мектептерге кабинеттік оқыту жүйесін енгізді. Мектеп – оның түсінігінде тек білім ордасы емес, ұлттың болашағын қалыптастыратын қасиетті шаңырақ еді. «Халық ағарту ісіне Қазалыда елу жыл» атты еңбегі – өңірлік білім тарихының құнды шежіресі.

Әбекең отбасын алтын бесік деп санады. Өмірлік серігі Карима Алматы қызы сабыр мен парасаттың үлгісі. Соғыстан үш жыл күтіп, шаңырақтың шырағын өшірмеген адал жар. Ұл-қыздарына жоғары білім алып берді. Әбдірахманы дәрігер, Нұрбану технолог, Гүлмира дәрігер, Шаймерден спорт пен кәсіпкерлікті қатар ұстады. Мәдина филология саласын таңдады. Дина ғылым жолына түсті. Амантай заң саласында абыройлы қызмет атқарды. Немерелері мен шөберелері де білім мен еңбекті басты құндылық санайды. Бұл – әке тәрбиесінің жемісі.

Әбекеңнің мінезі мен болмысы ерекше болатын. Әбжәли Айбосынов тәртіп пен тазалықты ту еткен, әділ, адал, сөзінде тұратын, байыпты ойлайтын, стратегиялық көзқарасы бар азамат еді.

Ол ешқашан байлық жинауды мақсат етпеді. Қарапайым өмір сүрді. Бірақ рухани байлығы ұшан-теңіз болды. Мындаған

кітап жинап, тарихты зерделеді. Қазақ шежіресін жатқа білді. Екі тілде еркін сөйлеп, сауатты жазды. Пианинода ойнап, өлең айтатын өнері бар еді. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, болашақты болжай білетін көреген жан болды.

Айбосынов Әбжәли феномені – тектілік пен терең білімнің, рухани тазалық пен мемлекеттік ойлаудың үйлесімі. Ол – тарихты терең білген шежіреші, ұрпақ тәрбиесін өмірлік миссия санаған ұстаз, елдік мүддені жеке бастан биік қойған азамат. Алматының, Мәскеудің ғұламалары Әбекеңді дара тұлға деп танып, тең дәрежеде сөйлесетін болған. Егемендіктің таңы атқанын көрмесе де, тәуелсіз елдің білімді ұрпағын тәрбиелеуге күш салды.

Әбжәлидің өмірі – адал еңбек пен білімнің жеңісі. Ол ұрпаққа: тарихыңды біл, еліңе қызмет ет, отбасыңды құрметте, білімді, әділ, иманды бол деген аманат қалдырды. Әбекеңнің ерен еңбектері елеусіз қалған жоқ. Ол – соғыс және еңбек ардагері. Орден, медальдармен марапатталған.

Бірнеше мәрте аудандық, поселкелік кеңестерінің депутаты болып сайланған. Білім саласының одақтық, республикалық съездеріне делегат болып қатынасқан. «КСРО халық ағарту ісінің озаты», «Қаз ССР-ның халық ағарту ісінің озаты», «Қаз. ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» атақтарын алған. Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

Ел жадында ерекше орын алған өнегелі ғұмыр иесі Айбосынов Әбжәлидің туғанына ғасырдан асты. Әбекеңнің өмір жолы – кейінгі ұрпаққа тағылымды мектеп, сарқылмас рухани қазына.

Ұстаздардың ұстазы, Айбосынов Әбжәли қалай мақтауға да, ұлықтауға да лайық азамат. Қазалы ауданынан бір білім ордасына Айбосынов Әбжәли аты берілсе екен деймін.

**Сержан қожа БЕРДЕНҰЛЫ,**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Журналистер Одағының мүшесі**

## 2026 ЖЫЛҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫ КҮНІНІҢ ҰРАНЫ ТУРАЛЫ

15 наурыз - әлемдік қауымдастық біздің әрқайсымыздың сатып алу жасаған сәттен бастап иеленетін негізгі құқықтарымызды еске алатын күн. Жыл сайын Дүниежүзілік тұтынушылар құқықтары күні жаһандық талқылауға арналған тақырыппен атап өтеледі.

2026 жылы тұтынушылармен қарым-қатынастың негізгі аспектісі - қауіпсіздік болады. Дүниежүзілік тұтынушылар ұйымының ұраны (Consumers International),

келесідей: «Қауіпсіз өнімдер, сенімді тұтынушылар» (Safe Products, Confident Consumers).

2026 жылғы мәселе бұрынғыдан да өзекті. Онлайн коммерция және жаһандық жеткізу тізбектері дәуірінде өнім қауіпсіздігі мәселесі жаңа деңгейге көтерілді.

Қауіпсіз емес өнімдердің салдары тек көңіл-күйдің нашарлығынан ғана емес. Оларға мыналар жатады:

- Өмір мен денсаулыққа төнетін қауіптер. Улы бояғыштары бар балалар ойыншықтарынан

бастап, өртке қауіпті электроникаға дейін.

- Экономикалық сенімді бұзу. Тұтынушылар сенімін жоғалтқан кезде, бүкіл нарық жүйесі зардап шегеді.

- Әлемдік теңсіздік. Сапасыз тауарлардың ауыртпалығы әлемдегі ең осал халықтың мойнына пропорционалды емес түрде түседі.

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті**

## О ДЕВИЗЕ ВСЕМИРНОГО ДНЯ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ В 2026 ГОДУ

15 марта - это день, когда мировая общественность вспоминает о фундаментальных правах, которые есть у каждого из нас с момента совершения любой покупки. Ежегодно Всемирный день прав потребителей проходит под девизом, который задает тему глобальной дискуссии.

В 2026 году главными аспектом выступают основы основ потребительских отношений - безопасность. Девиз, объявленный Всемирной организацией потребителей (Consumers International), следующий: «Безопасные товары, уверенные потребители» (Safe Products, Confident Consumers).

Тема 2026 года как никогда актуальна. В эпоху он-

лайн-торговли и глобальных цепочек поставок проблема безопасности продукции достигла нового масштаба.

Последствия небезопасных товаров - это не просто испорченное настроение. Это:

- Угроза жизни и здоровью. От детских игрушек с токсичными красителями до электроники, вызывающей пожар.

- Подрыв экономического доверия. Когда потребитель теряет уверенность, страдает вся рыночная система.

- Глобальное неравенство. Бремя некачественных товаров непропорционально ложится на наиболее уязвимые слои населения по всему миру.

## СУ ТАСҚЫНЫНАН САҚТАНУ ҮШІН!

Қазалы ауданының аумағы су тасқыны болып тұратын өңірге жатады. Ол көбіне қыс-көктем мезгілінде Сырдария өзеніне көп судың келуі, арнасынан шығуы, қардың еруі, нөсерлердің жаууы сияқты табиғи факторларға байланысты.

Қыс-көктемгі су тасқыны негізінен болжалатын құбылыс болғандықтан, алдын ала қажетті шаралар ұйымдастырып, үлкен зиянға ұшырамауға мүмкіндік береді. Су тасқынының алдын алу шараларының бірі елді мекен, жеке аула ішіндегі қарды шығарып, арықтармен су жүретін құбырларды уақытылы қардан, қоқыстан тазарту.

Судың нөсер жаңбырдан немесе қар еруінен күрт көтерілуін анықтау қиын. Су қоймаларының ықпалымен өзендердің арнасынан шығып кетуін болжау одан да қиынырақ. Ал, бөгеттер мен плотиналарды шайып кететін тасқын судың әрекетін білу мүлде мүмкін емес.

Сондықтан қар еріген кезде ауданымыздағы лай су шайып кету аймақтарының қауіпсіздігі бақыланып, алдын алу шаралары ұйымдастырылуда.

2026 жылғы қыс-көктемгі су тасқынынан қорғау жұмыстары жөніндегі іс-әрекеттерді басқару және үйлестіруге аудандағы мекемелер мен кәсіпорындарының басшыларынан штаб құрылып, іс-шаралар жоспары жасалды.

Су тасқынының қаупі бар елді мекендер тұрғындарына кеңесімізді береміз. Су жақындаған жағдайда газ, су, электр жүйелерін ажыратыңыз; пештегі отты сөндіріңіз; жоғарғы қабаттар мен шатырларға құнды заттар мен киімдерді шығарыңыз; есік-терезені бекітіңіз; қажет болса төменгі қабаттардағы есік-терезелерге жұқа тақтайша қағып тастаңыз.

Егер көшіру туралы ескерту алсаңыз, алдымен жылы әрі қолайлы киімдерді, етік, ақша мен құнды заттарды әкетуге әзірленген жөн. Алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсету қобдишасын және дәрі-дәрмекті ұмытпаңыз. Төлқұжат пен басқа да құжаттарды су өтпейтін пакетке ораған дұрыс. Өзіңізбен бірге төсек жабдықты да алғаныңыз жөн.

«От пен су – тілсіз жау» деген, сондықтан әркім өзінің айналасындағы болып жатырған немесе болуы мүмкін жайттарға бейжайлық танытпай, қырағылықпен қараса дейміз. Су қауіп төнген кезде төмендегі телефондар арқылы хабарлансын: тәулік бойы Қазалы ауданының №9 ӨСБ-нің жедел кезекшісіне 23-00-1, 101, 112.

Күндіз: штаб телефоны 22-1-51.

**Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі**

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің, Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің Қазалы ауданының

Төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (724 38) 22-1-51 сенім телефоны жұмыс істеуде. Сонымен қатар, жоғарғы тұрған орган – Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 8 (7242) 24-40-76 сенім телефонын назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылдың II – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі		
Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні сағат 10.00-12.00 15.00-18.00	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төрешұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

### Хабарландыру

2026 жылғы 27 наурыз күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезекті 54 сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Қазалы ауданы бойынша теміржол мекемелері мен кәсіпорындарындағы атқарылған жұмыстары мен алдағы міндеттері туралы есебі.

2. Аудандық мәслихаттың «Экономика, қаржы, бюджет кәсіпкерлік және құрылыс» жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

3. Ағымдағы мәселелер. Сонымен қатар, сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

**Қазалы аудандық мәслихатының аппараты**

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

**БАС РЕДАКТОР**  
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы жаратқан газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.